

## «Биология, химия, география» пәндері онкүндігі бойынша ақпарат

Биология, химия, география пәндері онкүндігі **01.12.2025 – 12.12.2025** аралығында жоспар бойынша өткізілді.

**Тақырыбы: «Жаратылыстану – әлемді бейнелеген нақты ғылым»**

01.12.2025 жылы «Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ биология, химия, география пәндері онкүндігінің ашылуы өткізілді. [https://www.instagram.com/reel/DRz\\_GIgcEex/?igsh=dHhtNzUyNTN2bnQw](https://www.instagram.com/reel/DRz_GIgcEex/?igsh=dHhtNzUyNTN2bnQw) Апталықтың ашылуына байланысты мектебіміздің 1 қабаты фойе безендірілді. Тәңертең сабақтар басталмай тұрып география, биология және химия пән мұғалімдері оқушыларды, әріптестерін қарсы алып, қызықты ойындар, танымдық викториналар ұйымдастырды. Оқушылар белсенділік танытып, ұйымдастырылған іс-шараға, барлық ойын, викториналардағы сұрақтарға жарысып жауап беріп, тәтті жүлделерді жеңіп алды.

**Онкүндік** шеңберінде мынадай ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды:

- ✓ «Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу. Тұқымның немесе өскіннің тыныс алуы. №7 Зертханалық жұмыс». Биология, ашық сабақ 7 сынып, Касимова С.Ш.
- ✓ Көңілді үзіліс Касимова С.Ш., Өмірзақ Е.Қ. Кошекбаева Г.А. Нуралиева Д.К.
- ✓ Ғаламдық экологиялық проблемалар. География, ашық сабақ. 10 сынып, Өмірзақ Е.Қ.
- ✓ Топ элементтері және оның қосылыстары. №6 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі» химия, ашық сабақ, 9 «а» сынып Нуралиева Д.К.
- ✓ “Биологиялық зертхана жұмыстары” практикалық жұмыстар Сыныптан тыс іс-шара, 7-10 сыныптар, Касимова С.Ш.
- ✓ " Білім шыңына саяхат" Сыныптан тыс іс-шара, сайыс сабақ, 7-9 сыныптар Өмірзақ Е.Қ.
- ✓ «Оттектің алынуы, қасиеттері, қолданылуы» химия, ашық сабақ 8 «ә» сынып Кошекбаева Г.А.
- ✓ "Жаратылыстану әлеміне саяхат" сыныптан тыс іс-шара, 5"а",5"ә" сыныптар Кошекбаева Г.А.
- ✓ “Қызықты химиялық реакциялар’ Сыныптан тыс іс-шара 7-10 сыныптар Нуралиева Д.К.

Өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар замануи технологиялар, жаңа әдіс тәсілдер, әртүрлі білім платформалар тиімді қолдану арқылы тартымды заман талабына сай өткізілді.

«Көңілді үзіліс» айдарындағы қызықты ойындар, викториналар, жарыстар мектептегі сабақ арасындағы үлкен үзілістерде ұйымдастырылды. Әр күннің үзілістері химия, биология немесе география пәнге арналған болды.

7 сынып биология пәнінен «Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу. Тұқымның немесе өскіннің тыныс алуы. №7 Зертханалық жұмыс». тақырыбында Касимова С. Ш. ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: «Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін жануарлармен салыстыру; тұқым мен өскіннің тыныс алуын зерттеу». Оқушыларға сабақ мақсаты таныстырылып, бағалау критерийлері берілді.

Сабақ «**Білім қоры**» ойыны арқылы жағымды **ахуал** орнатып, оқушылардың көңіл - күйлерін сабаққа аудару, қызығушылықтарын ояту және ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында интербелсенді тақта көмегімен топтарға бөлуден басталды. Үй жұмысын тексеру және қайталауды орындау мақсатында цифрлық платформа арқылы оқушыларға «Анаэробты, анаэробты тыныс алу» тақырыбына сұрақтар қойылды. <https://wordwall.net/resource/63040130>

Жаңа тақырып бойынша бейне ролик көріп, мұғалімнің берген қысқаша ақпаратын тыңдап, оқушылар 3-топқа бөлініп, әр топ берілген тапсырмаларды орындап, өз білімдерін ортаға салып, жаңа тақырыпты жақсы деңгейде меңгерді.

Сабақ барысында зертханалық жұмыс жасалып, тұқымның бөртуі, өскіннің тыныс алуы зерттелді. Фотосинтез бен тыныс алуды салыстыру арқылы оқушылар өткен тақырыпты, бүгінгі тақырыппен байланыстырып жасалған тәжірибелерді қорытындылады. Топтық жұмыс барысында ұжымдық талқылау, балалар бір-бірін тыңдады, сұрақтар қойды, және сыныптастырының пікірін толықтырды, өз ойымен бөлісті. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы да қалыптасады. Заман талабына сай сабақта видеоматериалдар, заманауи платформалар арқылы, білім тексеру жұмыстарын қызығушылықпен орындады.

<https://www.facebook.com/share/r/1FYZVZYjwU/>

География пәнінен «Ғаламдық экологиялық проблемалар», ашық сабағын Өмірзақ Е.Қ 10 сыныпта өткізді. Сабақ мақсаты: Оқушылар геоэкологиялық үдерістерді талдау арқылы географиялық қабықтың заңдылықтары (біртұтастық, зат және энергия айналымы, ырғақтылық, зоналылық, кешенділік) табиғи ортадағы өзгерістердің себеп–салдарын анықтай алууды үйрену. Сабақ «Адамдардың есімдерін анықта» тренингімен басталды. Оқушылар суреттер бойынша адамдардың есімдерін анықтайды, кім екенін, тұлға туралы не білетінін айтады, және жұмыстың осы түрі арқылы қолайлы атмосфералық ахуал орнатадылады.

Үй жұмысын тексеру, өткенге шолу кезеңі бойынша, жаңа сабаққа кіріспе мақсатында «сөзжұмбақ» әдісі *wordwall бағдарламасы* арқылы сөзжұмбақтарды шешеді. <https://wordwall.net/resource/103007957>

Сабақтың тақырыбына сай апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіріп өз ойларымен бөлісті, өзгенің пікірін тыңдап, толықтырды. Жаңа тақырып ашу мақсатында ЖИ мүмкіншілігі арқылы жасалған бейнеролик тамашалайды. Бейнеролик тақырыбы: Географиялық қабықтағы заңдылықтар. <https://youtu.be/ZUfuTGLr3N8>

Бейне көрсетілгеннен кейін оқушылар: негізгі түйінді ақпараттарды дәптерге түртіп алады.

«Мәтінмен жұмыс» әдісі арқылы топтарға бөлініп топтық жұмыс орындайды. Оқушылар «Мәтінмен жұмыс» әдісі арқылы географиялық қабықтағы заңдылықтарымен байланыстып сұрақтарға жауап береді, топта мәтінді талқылайды, ақпаратты салыстыру және географиялық қабық заңдылықтарын нақты мысалдар арқылы анықтау дағдыларын қалыптастырады.

Бұл тапсырма оқушыларға табиғат құбылыстарының өзара байланысын түсіндіріп, адамзаттың да ортақ проблемаларды бірігіп шешуі қажеттігін сезіндіру арқылы бірлік пен ынтымақ құндылығына жеткізеді. «Артығын тап» әдісі арқылы жеке тапсырма орындалды. Оқушылар артығын тап әдісі арқылы географиялық қабықтағы заңдылықтарға байланысты зерделейді. Оқушылар геоэкологиялық үдерістерді талдап, олардың географиялық қабық заңдылықтарымен байланысын анықтау және логикалық салыстыру дағдысын қалыптастырады. Сабақты қорытындылау кезеңінде оқушылар «тест» әдісі арқылы тақырыпты бекітеді. Тест *wordwall бағдарламасы* арқылы жасалған : <https://wordwall.net/resource/103148339>

<https://www.facebook.com/share/17rQKWpIVZ/>

Он күндік шеңберінде 9 "а" сыныбында химия пәнінен "(I) - топ элементтері және олардың қосылыстары. №6 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі» " тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Саябақтың мақсаты: Оқушылар атом құрылысына сүйене отырып, сілтілік металдардың (I-топ элементтері) жалпы қасиеттерін түсіндіреді; Натрийдің сумен әрекеттесуін бақылап, осы металдардың реактивтілігін дәлелдейді;

Сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайды және олардың реакция теңдеулерін құрастырады. Ұй жұмысын тексеру үшін және керек материалды қайталау мақсатында оқушылар мұғалім ұсынған QR-код арқылы кіріп берілген химиялық заттардың ішінен оксидтерді анықтап, топтады. Әр оқушы жеке жұмыс жасады және соңында жұмысы тексеріліп, алған ұпайы шығарылды. Сабақтың ұйымдастырылуы сәтінде «Кубик» әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатылады, «Фигура пішіні» бойынша оқушылар топқа бірігеді.

« Кинометафора» тәсілі арқылы экранға шығарылған бейнелер бойынша жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды. Мұғалім жаңа тақырып бойынша берген қысқаша ақпаратты тыңдап, дәптерлерге түртіп алғасын топта жұмыс жасайды. 1-топ «Жалпы сипаттамасы, табиғатта таралуы»; 2-топ «Физикалық қасиеті, алынуы »; 3-топ «Химиялық қасиеті» 4-топ «Қолданылуы» туралы оқулықтағы ақпаратты оқып, танысып, топта талдап, өздері қалаған форматта қорғады. Топтық жұмыс барысында ұжымдық талқылау, балалар бір-бірін тыңдады, сұрақтар қойды, және сыныптастырының пікірін толықтырды, өз ойымен бөлісті. Топтық жұмыстың нәтижесінде жаңа тақырыпты талқылап меңгергесін , "**Натрийдің сумен әрекеттесуі**" бейнероликті экраннан көреді. Натрий металының сумен реакциясын демонстрация арқылы көреді, мұғалім реакцияның сілтілік ерітінді түзетіне назар аудартып, талдатады. Көргенін пысықтау үшін оқушылар мұғалім ұсынған кестені дәптерлеріне салып, толтырады.

Сабақты бекіту тапсырмалары бірнеше жұмыс түрлерімен орындалды: жұптық жұмыс, жеке жұмыс . Әр жұмыс түрі тиімді және орынды болды. Бір бірін тексеріп, өз жұмыстарын бағалады.

Цифрлық padlet.com платформада бәріне ортақ апсырма берілді. Платформаға QR код арқылы кіріп жарысып орындады.

I топ элементтері тапырмасының QR коды:



Жаңа ақпарат көздері, жаңа әдістер арқылы оқушылар білім тексеру жұмыстарын қызығушылықпен орындады. Соңында «**Плюс, минус, қызықты**» тәсілі арқылы кері байланыс жасалды. Сабақ өте қызықты өтті. Ашық сабақта мұғалім заман талабына сай заманауи - wordwall, padlet.com-платформаларын тиімді пайдаланды. Сабақ дұрыс жоспарланған, әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы ұстаз қойылған сабақ мақсатына толық жетті. Бұл сабақ арқылы шәкірт бойында мергендік, шапшаңдық, дәлдік қасиеттерін дамытумен қатар, химиялық терминдердің мазмұнын ашуда қызығушылықтарын тудырды. Оқушылардың білімге, жаңалықтарға деген қызығушылықтарын дамытуға, топ мүшелерінің достық және бірлікпен ғана жеңіске жететіндігіне бағыт берді.

Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізуде «Ұстаздың еңбегі шығармашылықтан тұрады» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, әр оқушы қазақ елін дамытушы, әлемдегі дамыған елдермен тепе-теңдікке жетуге ат салушы тұлға екендігін ашып, бағыттадық. Ашық сабақтарға қатысқан әріптестер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын байқатқаны, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін, сабақты жүргізудегі қолданылған әдістердің нәтижелілігі жайлы пікір алмасып, оң бағаларын берді.

ДФӘІЖО

Кошекбаева Г.А.